Қаржы институттары жалға берушіге 2012 және 2013 жылдар ішінде жеткізілген алты жаңа Airbus ұшақтары бойынша берген несиелерге Еуропалық экспорттық несиелер агенттіктері кепілдік берді, 2013 және 2014 жылдары жеткізілген үш Боинг 767 ұшақтарына US Export Import Банкі кепілдік берді.

Топтың жалдау бойынша міндеттемелері белгілі ковенанттарды қамтиды. Бұл ковенанттар Топтың жалпы қарызы бойынша шектеулерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, белгілі бір операцияларға тыйым салады. Кейбір трансферттік жалдау келісімдері Топтың меншік құқығындағы өзгерістерге қатысты шарттарды қамтиды. Бұл талаптар 2024 және 2023 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша орындалды.

Жоғарыда сипатталғандардан басқа барлық басқа ұшақтарды жалға алу келісім-шарттары жалдау мерзімінің соңында сатып алу құқығынсыз жасалған.

Топтың меншік құқығының өту шарты бар жалға алу міндеттемелері жалға алынған активтерге меншік құқығымен қамтамасыз етілген. Бұл активтердің 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша баланстық құны 400,189,391 мың теңгені құрайды (аудиттелмеген) (2023 жылы 31 желтоқсанында: 333,934,322 мың теңге) (10-ескерту).

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША БІҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

	Минималды жалдау төлемдері		Минималды жалдау төлемдерінің келтірілген ағымдағы құны	
	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан
Бір жылдың ішінде	109,605,021	97,541,758	85,955,644	79,546,636
Бір жылдан бес жылға дейін	280,792,147	232,954,727	232,176,135	196,097,183
Бес жылдан кейін	76,962,545	55,207,676	71,036,764	51,136,183
	467,359,713	385,704,161	389,168,543	326,780,002
Шегеру: болашақ қаржылық шығындар	(78,191,170)	(58,924,159)	-	-
Минималды жалдау төлемдерінің келтірілген ағымдағы құны	389,168,543	326,780,002	389,168,543	326,780,002
Қаржылық ақпаратқа төмендегідей қосылған:				
- қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер			85,955,644	79,546,636
- қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер			303,212,899	247,233,366
			389,168,543	326,780,002

Топтың жалдау бойынша міндеттемелері АҚШ долларымен көрсетілген.

Міндеттемелердің өзгерісі мен қаржылық қызмет бойынша ақша ағындарын салыстыру

	Несиелер (24-ескерту)	Жалдау бойынша міндеттемелер	Барлығы
2024 ж. 1 қаңтардағы баланс	187,279	326,780,002	326,967,281
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер			
Қарыз қаражаты бойынша төлемдер	(17,000,000)	-	(17,000,000)
Алынған несиелер	17,000,000	-	17,000,000
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	-	(38,775,990)	(38,775,990)
Төленген пайыздар	(232,493)	(10,799,118)	(11,031,611)
Қосымша қаржыландыру бойынша төлемдер	(91,494)	-	(91,494)
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер жиыны	(323,987)	(49,575,108)	(49,899,095)
Валюта бағамының өзгеруінің әсері	185,501	13,729,904	13,915,405
Басқа өзгерістер			
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	(184,280)	-	(184,280)
Жаңа жалдау мен модификация	-	89,297,667	89,297,667
Пайыздық шығындар (8-ескерту)	234,022	11,379,882	11,613,904
Кепілдік салымдармен есепке жатқызуға байланысты қолма-қол ақшасыз төлем	-	(1,195,771)	(1,195,771)
Ерте қайтарылудан пайда	-	(1,248,033)	(1,248,033)
Басқа өзгерістер жиыны	49,742	98,233,745	98,283,487
2024 ж. 30 маусымындағы баланс	98,535	389,168,543	389,267,078

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

	Несиелер (24-ескерту)	Жалдау бойынша міндеттемелер	Барлығы
2023 ж. 1 қаңтардағы баланс	5,596,214	339,031,770	344,627,984
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер			
Қарыз қаражаты бойынша төлемдер	(4,799,309)	-	(4,799,309)
Алынған несиелер	15,603,700	-	15,603,700
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	-	(43,206,827)	(43,206,827)
Қосымша қаржыландыру бойынша төлемдер	(86,877)	-	(86,877)
Төленген пайыздар	(534,149)	(8,923,629)	(9,457,778)
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер жиыны	10,183,365	(52,130,456)	(41,947,091)
Валюта бағамының өзгеруінің әсері	-	40,993	40,993
Басқа өзгерістер			
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	42,512	(7,784,300)	(7,741,788)
Жаңа жалдау мен модификация	-	14,434,460	14,434,460
Пайыздық шығындар (8-ескерту)	584,564	9,558,915	10,143,479
Басқа өзгерістер жиыны	627,076	16,209,075	16,836,151
2023 ж. 30 маусымындағы баланс	16,406,655	303,151,382	319,558,037

2015 жылдың 1 шілдесінде Топ АҚШ долларымен көрсетілген жалдау бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін болашақта АҚШ долларымен көрсетілген ықтималдығы жоғары болашақ кезеңнің табысын хеджирлеу ретінде белгіледі. Топ 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысын хеджирлеуді есепке алу моделін қолданды.

Функционалды валютаның АҚШ долларына көшуіне байланысты бұл хеджирлеу 2017 жылдың 31 желтоқсанынан бастап экономикалық тиімділігін жоғалтты. 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша хеджирлеудің эффективті бөлігі болып табылатын 882,752 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық шегерілгенге дейін (2023 жылы 31 желтоқсан: 1,303,565 мың теңге) 4,413,758 мың теңге (2023 жылы 31 желтоқсан: 6,517,823 мың теңге) сомасындағы валюталық шығын меншікті капиталда хеджирлеу резервінде танылды. Функционалды валютаның өзгеруі нәтижесінде хеджирлеу байланысы тоқтатылды, сондықтан 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап шетелдік валютаны аудару бойынша пайда мен залал пайдалар мен залалдардан хеджирлеу резервіне ауыспайды, ал 2017 жылдың 31 желтоқсанында меншікті капиталда танылған хеджирлеу резерві 2025 жылға дейін жыл сайын болатын болжамды хеджирлеуді тануға сәйкес пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ықшамдалған шоғырландырылған аралық пайда мен залал туралы есептегі хеджирлеу резервінен валюталық залалдарға жіктелген сома 2,842,819 мың теңгені құрады (568,474 мың теңге табыс салығына дейін) (2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде: 2,784,320 мың теңге) (557,045 мың теңге сомасында табыс салығына дейін).

26. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Қалыпты қызмет барысында Топ тап болатын негізгі тәуекелдерге несиелік тәуекел, пайыздық мөлшерлеменің, валюта бағамының және тауар бағасының өзгеру тәуекелі жатады. Төменде сипатталғандай, Топ тауар бағасының тәуекелінен басқа тәуекелдерд хеджирлемейді.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Капиталды басқару

Топ жақын болашақтағы үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін және қарыз қаражаттары мен меншікті қаражаттың қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлердің кірісін барынша арттыру мақсатында капиталды басқарады. Ағымдағы 10 жылдық Топты дамыту стратегиясы 2017 жылы бекітілді және 2017-2026 жылдарды қамтиды.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз алудан (24 және 25-ескертудерде көрсетілген несие мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді қосқанда) және Топтың капиталын (19-ескертуде көрсетілген шығарылған капиталды, функционалды валютаға аудару резервін, хеджирлеу құралдары бойынша резервті және бөлінбеген пайданы қосқанда) қамтиды.

Топ меншікті капиталға қатысты сыртқы реттеуге жатпайды.

Топта капиталдандыру коэффициентінің нақты жоспарланған көрсеткіші жоқ.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел - бұл контрагенттердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы және Топтың осыған байланысты шығынға ұшырау тәуекелі. Топтың саясаты - тек несиеге қабілетті контрагенттермен жұмыс жасау және қажет болған жағдайда міндеттемелерді орындамаудан туындайтын шығындар тәуекелін төмендету үшін жеткілікті кепіл алу. Несиелік тәуекел несиелік лимиттерді белгілеу арқылы бақыланады, олар жыл сайын қаралады және тәуекелдерді басқару комитетімен бекітіледі.

Ақша қаражаттары, кепілдік салымдар мен дебиторлық берешек сияқты қаржылық құралдардың несиелік тәуекелінің максималды тәуекелі олардың баланстық құнына негізделген.

Сауда дебиторлық берешек көптеген сатып алушылармен ұсынылған және экономиканың әр түрлі секторлары мен географиялық аймақтар бойынша бөлінеді. Топ өз дебиторларының қаржылық жағдайын үнемі бағалайды және қажет болған жағдайда дебиторлық қарызды өтеуге кепілдік беру үшін сақтандыруды алады.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы жоқ (15-ескертуде).

Топ тек беделді банктермен жұмыс жасайды және банктік шоттар мен салымдарға несиелік тәуекелден аспайтын орналастыру лимиттерін белгілейтін қаражат-инвестициялық саясатты әзірледі.

Кейбір банктер үшін несиелік тәуекелдің күшеюі нәтижесінде Топтың Директорлар кеңесі 2019 жылдың мамыр айында ақша қаражаттарын басқару саясатын бекітті және Топтың аккредиттелген банктер тізіміне енгізу үшін банктер үшін ең төменгі кредиттік рейтингтерді белгіледі және негізгі ақша қаражаттарын «BBB-» немесе одан жоғары бағаланған банктерге орналастырды. Қаржы активтерінің баланстық құны несиелік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейін білдіреді.

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша, жергілікті банктердегі ағымдағы шоттарының көпшілігі Fitch рейтингтік агенттігі тағайындаған «BBB-» жоғары несиелік рейтингі бар қазақстандық банктерге орналастырылды.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша топ басшылығы өткен жылдың соңымен салыстырғанда ірі банктер мен борышкерлердің несиелік тәуекелдерінде айтарлықтай өсім болған жоқ деп есептейді.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі

Топ белгіленген пайыздық мөлшерлеменен қарыз алғандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Топ АҚШ долларынан басқа валютадағы сату және сатып алу операциялары кезінде валюталық тәуекелге ұшырайды. Валюталық тәуекел негізінен теңгеге қатысты туындайды. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны 15, 17 және 23 ескертудерде ашылған.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Топ басшылығы валюталық тәуекел тұрғысынан осы жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп есептейді.

Валюталық бағамдардың өзгеруіне сезімталдықты талдау

Топ негізінен АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының өзгеру тәуекеліне ұшырайды.

Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген Топтың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің баланстық құны келесі түрде ұсынылған. Бұл ақпарат басқа шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер баптарын қамтымайды, себебі олардың жиынтық сомалары Топтың ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратына айтарлықтай әсер етпейді.

		2024 ж.		2023 ж.	
		30 маусым	30 маусым	31 желтоқсан	31 желтоқсан
	Ескерту (аудиттелмеген)	Теңге	Еуро	Теңге	Еуро
Активтер					
Басқа салықтар бойынша алдынала төлем	16	5,293,081	-	4,657,876	-
Сауда және өзге дебиторлық қарыздар	15	11,885,507	822,226	7,276,596	798,662
Табыс салығы бойынша алдынала төлеу		6,402,427	-	6,027,011	-
Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтар	17	2,922,109	3,568,481	1,758,693	766,388
Кепілдік салымдары		169,726	142,852	155,005	142,277
Барлығы		26,672,850	4,533,559	19,875,181	1,707,327
Міндеттемелер					
Сауда және басқа кредиторлық қарыздар	23	21,893,659	3,874,458	19,975,639	1,997,791
Жалдау міндеттемелері		3,124,837	-	2,196,434	-
Барлығы		25,018,496	3,874,458	22,172,073	1,997,791
Валюталық таза позиция		1,654,354	659,101	(2,296,892)	(290,464)

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша келесі кестеде Топтың АҚШ долларының теңгеге қатысты 10%-ға (2023 жылы 31 желтоқсан: 10%) және еуроға қатысты 10%-ға (2023 жылы 31 желтоқсан: 10%) құнсыздануына және АҚШ долларының теңгеге қатысты 10%-ға (2023 жылы 31 желтоқсан: 10%) және еуроға қатысты 10%-ға (2023 жылы 31 желтоқсан: 10%) нығаюына Топтың сезімталдығы көрсетілген.

Сезімталдық талдауы жоғарыда көрсетілген сезімталдық коэффициенттерін қолдана отырып, оларды түзету арқылы кезеңнің соңында қол жетімді шетел валютасындағы ақшалай сомаларды ғана қамтиды. Сезімталдық талдауына сауда және басқа дебиторлық қарыздар, ақша қаражаттары мен олардың баламалары, банктердегі салымдар, сауда кредиторлық берешегі, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер кіреді.

Теріс сан пайда мен шығынның төмендеуін көрсетеді, оң сан пайда мен шығынға керісінше әсер етеді.

	АҚШ долларының әлсіреуі		АҚШ долларының нығаюы	
	Теңге	Еуро	Теңге	Еуро
2024 ж. 30 маусым	10%	10%	10%	10%
Пайда/(залал)	132,348	52,728	(132,348)	(52,728)

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

	АҚШ долларының әлсіреуі		АҚШ долларының нығаюы	
	Теңге	Еуро	Теңге	Еуро
2023 ж. 31 желтоқсан	10%	10%	10%	10%
(Залал)/пайда	(183,751)	(23,237)	183,751	23,237

Топ сауда және басқа дебиторлық берешек, ақша қаражаттары мен банк қалдықтары, банктердегі салымдар, кепілдікті салымдар, сауда және басқа кредиторлық берешек, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер көрсетілген шетел валюталарының бағамдарының өзгерісін бақылау арқылы валюталық бағамдардың өзгеру тәуекелін шектейді.

Өтімділік тәуекелін басқару

Өтімділік тәуекелі - ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жабылатын қаржы міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қиындық туындау тәуекелі. Топтың өтімділікті басқару тәсілі қолайсыз шығындарға жол бермеу және Топтың абырой қаупін төндірмеу арқылы, мүмкіндігінше, Топтың қалыпты және стресстік жағдайлардағы өз міндеттемелерін уақытылы өтеуге жеткілікті өтімді қаражаттың болуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыралады.

Өтімділік тәуекелін басқару жауапкершілігі топ басшылығының айрықша құзыретіне жатады. Топ тиісті резервтерді пайдалану арқылы өтімділік тәуекелін басқарады, сондай-ақ ақшалай қаражаттардың қозғалысын тұрақты мониторингілеу және болжау және қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтеу мерзімдерін сәйкестендіру жолымен басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің және өтімділік кестелері

Келесі кестелерде Топтың туынды емес қаржылық міндеттемелері мен активтері бойынша келісімшарт бойынша өтелуі көрсетілген. Кестелер келесіге негізделген:

- Топтан төлеуді талап етуге болатын ең ерте мерзімге негізделген қаржылық міндеттемелердің дисконтталмаған ағындары.

	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Барлығы
2024 ж. 30 маусым					
(аудиттелмеген)					
Қаржылық активтер					
<i>Пайызсыз</i>					
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	28,120,703	512,006	436,101	-	29,068,810
Кепілдікті салымдар	143,324	717,091	4,651,424	11,496,081	17,007,920
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	197,159,857	-	-	-	197,159,857
Қаржылық міндеттемелер					
<i>Пайызсыз</i>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	37,719,629	4,781,547	-	-	42,501,176
<i>Бекітілген мөлшерлемесімен</i>					
Жалдау бойынша міндеттемелер	26,854,362	82,750,659	280,792,147	76,962,545	467,359,713
Несиелер	49,975	49,975	-	-	99,950

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

	<u>3 айға дейін</u>	<u>3 айдан 1 жылға дейін</u>	<u>1-5 жыл</u>	<u>5 жылдан жоғары</u>	<u>Барлығы</u>
2023 ж. 31 желтоқсан					
Қаржылық активтер					
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	10,353,968	339,556	610,474	-	11,303,998
Кепілдікті салымдар	174,551	725,023	5,559,269	9,590,760	16,049,603
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	124,552,167	-	-	-	124,552,167
Қаржылық міндеттемелер					
Пайызсыз					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	33,430,161	3,295,560	-	-	36,725,721
Бекітілген мөлшерлемесімен					
Жалдау бойынша міндеттемелер	24,219,866	73,321,892	232,954,727	55,207,676	385,704,161
Несилер	48,183	144,096	-	-	192,279

Әділ құн

Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтар

Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтардың баланстық құны олардың әділ құнына жуықтайды, себебі олар қысқа мерзімді немесе сыйақыларды қосады және дисконтталмайды.

Жанармай колл-опциондары

Топ авиакеросин бағасының тәуекелін хеджирлеу үшін опциондарды пайдаланады. Топ жанармайды хеджирлеу мақсатында стандартты нарық құралдарын пайдаланады, мысалы, «колл опциондары» (мұнда тауар бағасының алдын ала белгіленген деңгейден жоғары көтерілу тәуекелін жабу үшін Топ алдын ала сыйлықақы төлейді). Колл опционын жеткізушілерден сатып алынатын авиакеросиннің баға тәуекелін хеджирлеу мүмкін болмағандықтан, Топ бірнеше халықаралық банктермен туынды құралдар туралы негізгі келісімге қол қою арқылы Қазақстан Республикасынан тыс сатып алынған жанармайдың мөлшерін ғана хеджирлейді. Мәміле жасамас бұрын Топ басшылығы хеджирлеуге жататын авиакеросиннің мөлшерін анықтайды. Хеджирлеу Топтың директорлары мен акционерлері бекіткен Отынды хеджирлеу саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Топ регрессиялық талдау арқылы авиакеросин мен Brent маркалы мұнай бағасының тарихи қозғалысын талдау арқылы хеджирлеу құралы мен хеджирленетін бап арасындағы экономикалық байланысты анықтайды. Алынған Бета статистикалық маңыздылығы үшін бағаланады және хеджирлеу факторы ретінде пайдаланылады.

Хеджирлеудің тиімсіздігі үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жағдайларға байланысты жоғары ықтимал авиакеросиндік мәміленің орындалмауы мүмкіндігіне қатысты.

Бұл хеджирленген баптар 2024 жылдың екінші жартысына жоспарланған болашақтағы жоғары ықтимал транзакцияларды білдіреді. Хеджирлеу құралы шикі мұнайды сатып алу опционы болып табылады, оның орындау бағалары бір баррель үшін 85 және 80 АҚШ долларын құрады. 1,439 хеджирлеу коэффициентіне сүйене отырып, Топ 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 294,113 баррель жанармайды хеджирледі (2023 жылғы 31 желтоқсан: 353,884 баррель жанармай). Өтеу мерзімі қысқа болғандықтан, Топ құралдардың әділ құнындағы елеулі өзгерістерді күтпейді.

Топтың қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құны бақыланатын ағымдағы нарықтық бағаларды және ұқсас құралдар бойынша дилерлік баға ұсыныстарын пайдалана отырып, дисконтталған ақша ағындарын талдау негізінде жалпы қабылданған баға үлгілеріне сәйкес анықталады.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын 2-деңгейдегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны әдетте хеджирлеу операцияларына қатысатын банктер ұсынатын әділ құн туралы есептерді пайдалана отырып есептеледі. Бұл бағалау тәсіліне ең маңызды кіріс жабуға қалған уақыт, Brent мұнайының болжамды құбылмалылығы, форвардтық және споттық мұнай бағасы болып табылады.

Топтың әділ құн иерархиясының 1-3-деңгейлеріне топтастырылған, әділ құны бойынша бастапқы танудан кейін бағаланған басқа қаржылық және қаржылық емес құралдары жоқ.

Кепілдік салымдар

Кепілдік салымдар амортизацияланған құны бойынша танылады. Басшылық таза баланстық құнды олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді.

Саудалық және өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер

Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша өтеу мерзімі алты айдан аз болған жағдайда, әділ құн баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді, өйткені уақыт өте келе ақша құнының әсері маңызды емес. Ab-initio бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша танылады, кейін амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Басшылық баланстық құн олардың әділ құнына жуық деп есептейді.

Несиелер

Несиелер амортизацияланған құнымен көрсетіледі. Басшылықтың тұжырымы бойынша баланстық құн шамамен әділ құнын құрайды деп есептейді.

Жалдау бойынша міндеттемелері

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартында жасырын пайыздық мөлшерлемені немесе, егер бұл мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Топтың қосымша қарыз мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған, басталу күні төленбеген жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша бағаланады. Әдетте Топ дисконттау мөлшерлемесі ретінде қосымша қарыз мөлшерлемесін пайдаланады.

27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Капиталды міндеттемелер

2011 жылы Топ Boeing компаниясымен үш Boeing 787-8 ұшағын сатып алу туралы келісімге қол қойды (14-ескерту). Оптың келісілген кестеге сәйкес алдын ала төлемдерді төлеуге міндеттемелері бар. Топтың сатып алу келісіміне қосымша өзгерістер енгізу мүмкіндігі бар.

Жасасқан келісім шарттарға сәйкес әуе кемелердің сатып алу құның көрсету мүмкін емес.

Болашақ міндеттемелер

Әуе кемелері

Әуе кемелеріне бойынша жалдау келісімшарттары 3 жылдан 12 жылға дейін созылады. Барлық келісім шарттар Топ жалдау мерзімін созу туралы шешім қабылдаған жағдайда, нарықтық бағаларды жаңарту туралы бөлімдерден тұрады. Топ жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активтерді сатып алуға мүмкіндігі болмауы мүмкін.

Бекітілген және өзгеретін айналмалы жалдау төлемдері АҚШ долларымен деноминацияланып, төленуге тиіс. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША БЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

2024 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2026 жыл аралығында жеткізілетін әуе кемелерін жалдау бойынша міндеттемелер:

	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан
Бір жылдың ішінде	13,114,987	10,075,777
Бір жыл мен бес жыл аралығында	311,594,373	232,505,622
Бес жылдан астам	317,650,713	387,498,763
	642,360,073	630,080,162

2022 жылы Топ кеңейту үшін де, жұмыстан шыққан ұшақтарды ауыстыру үшін де күтілетін жеткізу мерзімі 2023–2025 болатын он екі А320neo және үш А321neo ұшағына операциялық жалдау шарттарына қол қойды. Әуе компаниясы сонымен қатар 2025-2026 жылдар аралығында жеткізілетін үш В787-9 ұшағын операциялық жалдау шартына қол қойды.

2023 жылы төрт А320neo, екі А320ceo және бір А321neo жеткізілді.

2023 жылы Топ екі А320neo, екі А321neo және төрт А321neoLR ұшағын жеткізу үшін операциялық лизингке қол қойды, күтілетін жеткізу мерзімі 2024–2026 жж.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бір А321neo, төрт А320neo, екі А320ceo және бір Embraer E190-E2 қайтадан жеткізілді.

А320 seo тобының екі ұшағы мен бір А320neo үшін жалға беру мерзімін ұзарту берілді.

2023 және 2024 жылдары Топ өз қызметін жаңғырту және жақсарту бойынша жобаларды жүзеге асыруға бағытталған әртүрлі келісімшарттарға қол қойды.

«Симулятор» жобасына байланысты қайтарылмайтын міндеттемелер:

	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан
Бір жылдың ішінде	832,598	479,106
	832,598	479,106

Сақтандыру

Авиациялық сақтандыру

Топ әуе кемелерді қолдану бойынша сақтандыру өтеліміне зор көңіл бөледі, сондықтан қаржылық тұрақтылық бойынша жоғары рейтингіне ие халықаралық сақтандыру нарықтарының көбісінде (мысалы, Lloyds) авиациялық тәуекелдерді орналастырады.

Сақтандырудың басқа түрлері

Авиациялық сақтандыру өтелімінен басқа Топ мүлік пен жалпы міндеттемелеріне зиянның қаржылық тәуекелін төмендету және жазатайым оқиғаларға ұшыраған қызметкерлерге өтемақы төлеу әрі медициналық шығынды өтеу үшін сақтандыру полистерін үнемі сатып алып тұрады

Салықтық шартты міндеттемелер

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне алып келетін анық емес түрде баяндалған және қарама-қайшы жиі өзгерістермен сипатталады, оған ХҚЕС стандарттарына сәйкес табыс, шығын және қаржылық есептіліктің басқа баптарын есепке алу пікірлері кіреді. Салықтардың дұрыс есептелгендігін тексерумен және тергеумен елеулі айыппұлдар салуға және өсімпұлдар өндіріп алуға құқығы бар реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңнің салығының дұрыс есептелуі салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда бұл мерзім созылуы мүмкін.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, нормативті талаптардың және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделе отырып, салық міндеттемелерін толық көлемде көрсеткеніне сенімді. Алайда әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасының талдамасы Топ басшылығының көзқарасынан айрықша болуы мүмкін екендігін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан Топқа қатысты әрекет етудің мәжбүрлі шаралары қолданылған жағдайда, олардың бұл ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Топтың функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, себебі бұл валюта тиісті операциялардың, оқиғалар мен Компанияның міндеттемелерінің экономикалық салдарларын барынша нақты көрсетеді. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде теңгеден басқа функционалдық валютаның қолданылуын түсіндіретін ережелер жоқ. Соған қарамастан, Салық кодексі Қазақстан Республикасының барлық салық төлеушілерін теңгемен салық міндеттемелерін есептеуге және төлеуге міндеттейді. Сондықтан белгілі пайымдауды қолдану арқылы Топ салық және салық салу мақсаттары үшін теңгемен есеп жүргізіп, есептейді. Бұл көзқарас қолданыстағы заңнамада ең қолайлы болып саналатынына Басшылық сенімді.

Операциялық орта

Дамушы нарықтар, соның ішінде Қазақстан да дамыған нарықтардағыдан ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және реттеуші тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен ережелер тез өзгеруде. Топ Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің үстінен 2021 жылдың қаңтары мен 2022 жылдың маусымы аралығында көрсетілген қызметтер үшін жолаушылар жанар-жағармайына қосымша ақы алу ережелерін сақтамау фактісі бойынша сотқа шағым түсірді. Дау сотқа жолданып 6,806,138 мың теңге (15,041 мың АҚШ доллары) көлемінде айыппұл салынды.

Соттың бастапқы шешімі негізінде топ 2022 жылдың маусымынан бастап көрсетілген қызметтер үшін жолаушылардан отын алымын алу жөніндегі талаптарды сақтамау туралы Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы агенттігімен сот талқылауы мүмкіндігіне тап болады. Егер мұндай сот талқылауы орын алса, топқа айыппұл салынуы мүмкін, оның сомасын сенімді бағалау мүмкін емес, өйткені соңғы соттың айыппұлды есептеу принципі түсініксіз болды. Қазақстанның дамуының болашақ бағыты көбінесе мемлекеттің экономикалық, салық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты болады.

Теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құбылмалылығы және геосаяси қақтығыстар да бизнес ортасындағы белгісіздік деңгейін арттырып отыр. Ұсынылған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат басшылықтың бизнес жағдайларының Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына әсері туралы көзқарасын білдіреді. Болашақ бизнес жағдайларының нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Бақылау қатынастары

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қоғам акцияларының 10% және одан да көп бөлігіне ие акционерлер қатарына 41% иелік ететін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және 16.95% иелік ететін «BAE Systems Kazakhstan Limited» кіреді. Компанияның еркін айналымдылығы 42.05% құрайды және Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында саудаланады.

Басшылыққа сыйақы

Топтың қызметін басқаруға, бақылауға және жоспарлауға өкілеттігі мен жауапкершілігі бар негізгі басшылық жыл ішінде қызметкерлерге жұмсалатын шығындарда көрсетілген келесі сыйақыны алды:

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2023 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Жалақы және бонустар	2,603,847	1,905,797
Акцияларға негізделген төлемдер	538,906	-
Еңбек келісімшартын тоқтату бойынша төлемдер	120,582	-
Әлеуметтік салық	239,704	172,409
	3,503,039	2,078,206

Байланысты тараптармен операциялар

Байланысты Тараптар топтың акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне ие барлық басқа компанияларды қамтиды.

Топ мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Топ тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алу және бекіту процесін әзірледі. Бұл операциялар мемлекеттің тікелей бақылауына кірмейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер көрсетумен салыстырылатын шарттарда топтың әдеттегі операциялық қызметі барысында жүргізіледі.

Келесі операциялар байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді:

	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан (аудиттелмеген)
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Алынған қызметтер				
Мемлекеттік компаниялар	35,969,504	472,995	31,892,745	605,557
Акционерлер және акционерлердің еншілес компаниялары	16,344,171	(1,306,953)	13,746,944	(726,185)
	52,313,675	(833,958)	45,639,689	(120,628)

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың қызметі, навигациялық қызметтермен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2023 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 желтоқсан (аудиттелмеген)
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Топ көрсеткен қызметтер				
Акционерлер және акционерлердің еншілес компаниялары	275,099	71,296	277,215	462,943
	275,099	71,296	277,215	462,943

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ЕСКЕРТУЛЕР (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Байланысты тұлғалармен барлық есеп айырысу есепті күннен кейін алты ай ішінде ақша қаражаттарымен есептеледі. Бұл міндеттемердің барлығы қамтамасыз етілмеген.

Үкіметке байланысты кәсіпорындармен операциялар

Топ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын бірқатар кәсіпорындармен жұмыс істейді. Топ Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты ұйымдармен жасалған мәмілелерді ашуға мүмкіндік беретін 24 «Байланысты тараптар» IAS Халықаралық стандартында ерекше жағдайды қолданады.

Топ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты ұйымдармен мәмілелер жасайды. Бұл мәмілелер Топтың әдеттегі қызметтерінің бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты емес ұйымдармен өзара әрекеттесу шарттарына сәйкес шарттарда жүзеге асырылады.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2024 жылдың шілдесінде топ Airbus A321neo LR жеті ұшағын жалға алу келісіміне қол қойды және жеткізілу 2026 жылдан бастап жүзеге асырылады.

30. ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ БЕКІТУ

Бұл ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратты Топ басшылығы мақұлдап, 2024 жылдың 4 тамызында шығаруға бекітті.